

Бейбіт жиналыстар өткізудің кейбір мәселелері туралы

Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2021 жылғы 14 қаңтардағы № С-72/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 15 қаңтарда № 8318 болып тіркелді.

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 13.01.2022 № 7С-19/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы Заңына сәйкес, Шортанды аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Шортанды ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар айқындалсын.

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Шортанды ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар айқындалсын.

3. Осы шешімнің 3 қосымшасына сәйкес Шортанды ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары айқындалсын.

4. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шортанды аудандық
мәслихатының сессия
төрайымы*

Г.Горкушева

*Шортанды аудандық
мәслихат хатшысының
міндетін атқарушысы*

Г.Муканова

"КЕЛІСІЛДІ"

Шортанды ауданының әкімдігі

Шортанды аудандық мәслихатының
2021 жылғы 14 қаңтардағы
№ С-72/2 шешіміне
1 қосымша

Шортанды ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 13.01.2022 № 7С-19/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Шортанды ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар:

1. Алаң, Шортанды кенті, Феликс Дзержинский көшесі, 19.

2. Алаң, Шортанды кенті, Абылай хан көшесі, 26 А.

3. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Шортанды кенті, Шәуәлі Рахымжанов атындағы мәдениет және демалыс саябағының алдындағы алаңнан Абылай хан көшесі, 26 А бойынша Шортанды ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңға дейін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 28.04.2022 № 7С-22/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Алаң, Жолымбет кенті, улица Абай Құнанбаев көшесі, 14.

5. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Жолымбет кенті, 40 лет Победы көшесінен Абай Құнанбаев көшесі, 14 бойынша Жолымбет кентінің "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі алдындағы алаңға дейін.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 28.04.2022 № 7С-22/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. Алаң, Андреевка ауылы, Желтоқсан көшесі, 21.

7. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Андреевка ауылы, Қонаев және Желтоқсан көшелерінің қиылысынан Желтоқсан көшесі, 21 бойынша "Нива" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі объектісінің алдындағы алаңға дейін.

8. Алаң, Бектау ауылы, Абай көшесі, 2.

9. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Бектау ауылы, Казциковская және Абай көшелерінің қиылысынан жеке кәсіпкер "Ахметов Қанат Серікбайұлы" объектісінің алдындағы алаңға дейін, Абай көшесі, 2.

10. Алаң, Новокубанка ауылы, Кан Де Хан көшесі, 1 Б.

11. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Новокубанка ауылы, Кан Де Хан көшесінен "Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жауынгерге" ескерткішінің алдындағы алаңға дейін, Кан Де Хан көшесі, 1 Б.

12. Алаң, Петровка ауылы, Приречная көшесі, 9 А.

13. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Петровка ауылы, Төле би көшесінен "Петровское" акционерлік қоғамы объектісінің алдындағы алаңға дейін, Приречная көшесі, 9 А.

14. Алаң, Научный кенті, Бараев көшесі, 15.

15. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Научный кенті, Научный кентінің "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңнан Бараев көшесі, 15 бойынша "А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми – өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі объектісінің алдындағы алаңға дейін.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 28.04.2022 № 7С-22/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

16. Алаң, Раевка ауылы, Шоқан Уәлиханов тұйық көшесі, 8.

17. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Раевка ауылы, "Нур Астық Кз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі объектісінің алдындағы алаңнан Шоқан Уәлиханов тұйық көшесі, 8 дейін.

18. Алаң, Бозайғыр ауылы, Бейбітшілік көшесі, 5.

19. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Бозайғыр ауылы, жеке кәсіпкер "Лисман" объектісінен Бейбітшілік көшесі, 5 бойынша "Ұлы Отан соғысында қаза тапқан батырларға"obelіскінің алдындағы алаңға дейін.

20. Алаң, Новоселовка ауылы, Абай көшесі, 20.

21. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Новоселовка ауылы, Жамбыл Жабаев тұйық көшесінен "Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды"obelіскінің алдындағы алаңға дейін, Абай көшесі, 20.

22. Алаң, Пригородное ауылы, Целинная көшесі, 16.

23. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Пригородное ауылы, Луговая көшесінен орталық алаңға дейін, Целинная көшесі, 16.

Шортанды аудандық мәслихатының
2021 жылғы 14 қаңтардағы
№ С-72/2 шешіміне
2 қосымша

Шортанды ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 13.01.2022 № 7С-19/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Шортанды ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық – техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар "

Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі-Заң) сәйкес әзірленді.

2. Арнайы орындар санитариялық нормалар мен өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтай отырып пайдаланылады. Арнайы орындарда жоспарланған басқа да ресми, мәдени, ойын-сауық мәдени-бұқаралық, дене шынықтыру- сауықтыру, спорттық және өзге де іс-шараларды өткізу, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру туралы ақпарат болмаған жағдайда, бейбіт жиналыстарды өткізуге жол беріледі.

3. Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастырушы мен оларға қатысушылар өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен, егер Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше белгіленбесе, жүзеге асырады.

4. Шортанды ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындардың шекті толу нормалары:

1) алаң, Шортанды кенті, Феликс Дзержинский көшесі, 19, шекті толу нормасы 50 адам;

2) алаң, Шортанды кенті, Абылай хан көшесі, 26 А, шекті толу нормасы 50 адам;

3) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Шортанды кенті, Шәуәлі Рахымжанов атындағы мәдениет және демалыс саябағының алдындағы алаңнан Абылай хан көшесі, 26 А бойынша Шортанды ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңға дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

4) алаң, Жолымбет кенті, улица Абай Құнанбаев көшесі, 14, шекті толу нормасы 50 адам;

5) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Жолымбет кенті, 40 лет Победы көшесінен Абай Құнанбаев көшесі, 14 бойынша Жолымбет кентінің "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі алдындағы алаңға дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

6) алаң, Андреевка ауылы, Желтоқсан көшесі, 21, шекті толу нормасы 50 адам;

7) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Андреевка ауылы, Қонаев және Желтоқсан көшелерінің қиылысынан Желтоқсан көшесі, 21 бойынша "Нива" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі объектісінің алдындағы алаңға дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

8) алаң, Бектау ауылы, Абай көшесі, 2, шекті толу нормасы 50 адам;

9) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Бектау ауылы, Казциковская және Абай көшелерінің қиылысынан жеке кәсіпкер "Ахметов Қанат Серікбайұлы" объектісіне дейін Абай көшесі, 2, шекті толу нормасы 50 адам;

10) алаң, Новокубанка ауылы, Кан Де Хан көшесі, 1 Б, шекті толу нормасы 50 адам;

11) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Новокубанка ауылы, Кан Де Хан көшесінен "Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жауынгерге" ескерткішінің алдындағы алаңға дейін Кан Де Хан көшесі, 1 Б, шекті толу нормасы 50 адам;

12) алаң, Петровка ауылы, Приречная көшесі, 9 А, шекті толу нормасы 50 адам;

13) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Петровка ауылы, Төле би көшесінен "Петровское" акционерлік қоғамының объектісіне дейін Приречная көшесі, 9 А, шекті толу нормасы 50 адам;

14) алаң, Научный кенті, Бараев көшесі, 15, шекті толу нормасы 50 адам;

15) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Научный кенті, Научный кентінің "Ойын-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңнан Бараев көшесі, 15 бойынша "А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми – өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі объектісінің алдындағы алаңға дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

16) алаң, Раевка ауылы, Шоқан Уәлиханов тұйық көшесі, 8, шекті толу нормасы 25 адам;

17) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Раевка ауылы, "Нур Астық Кз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі объектісінің алдындағы алаңнан Шоқан Уәлиханов тұйық көшесі, 8 дейін, шекті толу нормасы 25 адам;

18) алаң, Бозайғыр ауылы, Бейбітшілік көшесі, 5, шекті толу нормасы 50 адам;

19) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Бозайғыр ауылы, жеке кәсіпкер "Лисман" объектісінің алдындағы алаңнан Бейбітшілік көшесі, 5 бойынша "Ұлы Отан соғысында қаза тапқан батырларға"obelіскінің алдындағы алаңға дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

20) алаң, Новоселовка ауылы, Абай көшесі, 20, шекті толу нормасы 25 адам;

21) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Новоселовка ауылы, Жамбыл Жабаев тұйық көшесінен "Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды"obelіскіне дейін, Абай көшесі, 20, шекті толу нормасы 25 адам;

22) алаң, Пригородное ауылы, Целинная көшесі, 16, шекті толу нормасы 30 адам;

23) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Пригородное ауылы, Луговая көшесінен орталық алаңға дейін, Целинная көшесі, 16, шекті толу нормасы 30 адам.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 28.04.2022 № 7С-22/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5. Жергілікті атқарушы органның келісімінсіз бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылысжайлар орнатуға жол берілмейді.

6. Дәл сол бір жерде және (немесе) дәл сол бір жүру маршруты бойынша не дәл сол бір уақытта бейбіт жиналыс өткізуге бір мезгілде бірнеше бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы үміткер болған жағдайда, көрсетілген орынды пайдалану кезектілігін

жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыдан тиісті хабарламаны немесе өтінішті алған уақытын негізге ала отырып айқындайды.

7. Әлеуметтік қашықтықты сақтау мақсатында, пикеттеуден басқа, бейбіт жиналысқа қатысатын адамдардың арасындағы ең аз жол берілетін қашықтық кемінде екі метрді құрайды.

8. Бір қатысушы өткізетін пикеттеуді жүзеге асыратын адамдар арасындағы ең аз жол берілетін қашықтық кемінде 100 метрді құрайды.

9. Бейбіт жиналыстар өткізілетін күні Шортанды ауданының жергілікті уақыты бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

Шортанды аудандық мәслихатының
2021 жылғы 14 қаңтардағы
№ С-72/2 шешіміне
3 қосымша

Шортанды ауданында пикеттеуді өткізуге жол берілмейтін іргелес аумақтардың шекаралары

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 13.01.2022 № 7С-19/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Шортанды ауданының аумағында іргелес аумақтардың шекарасынан 400 метрден жақын жерде пикет өткізуге жол берілмейді:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;
- 5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда.